Ал кафедрада 2011 жылдан бері қызмет етіп келе жатқан э.ғ.д., пофессор Сейфуллин Жұмабек Тлеуліұлы 65 жасқа толып, академик атағын алып отыр. Оның шығармашылық ғылым жолында 158 ғылыми еңбегі жарық көрген, соның ішінде қазақ тілінде 18, орыс және қытай тілдеріндегі 14 оқулығы мен оқу құралдары жарық көрді, шетелде 10 еңбегі басып шығарылды. Профессор осы уақытқа дейін 7 экономика ғылымдарының кандидатын дайындады. Ж.Т. Сейфуллин «Жерге орналастыру» және «Кадастр» мамандықтары бойынша жоғарғы кәсіби білім мен ЖОО-дан кейінгі білім беру бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының авторы және «ҚР құрметті Жерге орналастырушысы». 2013 жылы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті мерейтой иесін А. Гендельманның 100 жылдығына арналған атаулы медалімен және Құрмет грамотасымен марапаттады. Сонымен қатар ҚР ауыл шаруашылығы Академиясының жалпы отырысында Жұмабек Тілеуліұлы ауыл шаруашылық Академиясының «Агроөндірістік кешен экономикасы» бөлімінің мүшесі ретінде сайланды. Кафедраға және университетке тағы бір Академик қосылды. Бұл ғалымдарымыздың жетекшілігімен диплом алған мамандар егемен еліміздің болашағы үшін әр қиырда аянбай еңбек етіп жүр. География және табиғатты пайдалану факультетінің ұжымы ғибратты ғалымдарына ұзақ ғұмыр, жетістіктер мен отбасы бақытын тілейді.

**Г.Н. НҮСІПОВА,**
география, жерге орналастыру және кадастар кафедрасының меңгерушісі, профессор,
**Ә.Т. Мылқайдаров,**
доцент

**Самбодан "Әлем Кубогында" биология және биотехнология факультетінің 2 курс магистранты Елдос Жұмақанов жүлделі орынға ие болды**

# АУҒАН СОҒЫСЫНЫҢ АЯҚТАЛҒАНЫНА - 25 ЖЫЛ

***Осыдан 25 жыл бұрын, яғни 1989 жылы 15 ақпанда құрамында қазақстандықтар соғысқа қатысқан кеңес әскерлерінің шектеулі контингенті үшін Ауған соғысы аяқталды. 10 жылға созылған бұл соғыс XX ғасырдың еншісінде қалды. Кеңестік қоғамда ең ұзаққа созылған бұл Ауған соғысының аяқталғанына аттай жиырма бес жыл өткенімен, бұл соғыс қазақстандық Ауған соғысы ардагерлерінің жүрегіне жазылмас жаралар мен ұмытылмас ерліктер қалдырды. Сөйтіп, Ауған соғысы тарихқа енді.***

1978 жылғы Ауғанстандағы сәуір төңкерісінен кейін осы елдің басшылары тарапынан Кеңес Одағына әскери көмек сұраған бірнеше өтініштер айтылды. Мұндай өтініштер бір жыл бойы жалғасып, ақыры кеңестік басшылар 1979 жылы Ауғанстан мәселесін әскер қатыстыра отырып шешуге кірісті. Соңғы саяси шешім 1979 жылы желтоқсанның 12 күні түс ауа шағын ғана кеңес басшыларының тобымен шешілді. Бұл топта: Л.Брежнев, М.Суслов, Ю. Андропов, Д. Устинов және А. Громыко болды. Осылайша жағдай КОКП ОК саяси бюросының толық мүшелерінсіз-ақ шешілді.

24 желтоқсан күні КСРО Қорғаныс министрі Д.Ф. Устинов Ауғанстанға кеңестік әскерлерді енгізу шешімі қабылданғанын айтты. Осы күні бірінші жазбаша құжат пайда болды. 1979 жылы 25 желтоқсанда Мәскеу уақыты бойынша сағат 15.00-де Ауғанстанға кеңес әскерлерін енгізу басталды.

Ауған соғысы төрт кезеңге бөлінді.

1-ші кезең: 1979 жылғы желтоқсан – 1980 жылғы ақпан аралығы. Бұл кезеңде кеңес әскерлерін Ауғанстанға енгізу, оларды горнизондарға орналастыру жүзеге асырылды.

2-ші кезең: 1980 жылғы наурыз – 1985 жылғы көкек аралығы. Бұл кезеңде белсенді соғыс қимылдарына көшу жүргізілді.

3-ші кезең: 1985 жылғы мамыр – 1986 жылғы желтоқсан аралығы. Бұл кезеңде белсенді соғыс қимылдарынан ауған әскерлерінің әрекетіне кеңестік авиациямен, артиллериямен және саперлік бөлімшелермен көмек көрсету жалғастырды.

4-ші кезең: 1987 жылғы қаңтар – 1989 жылғы ақпан аралығы. Ауғанстан басшыларының ұлттық татуласу саясатын жүргізуіне кеңес әскерлері де қатысып, кеңес әскерлерінің Отанға оралуына дайындық және толық шығып кету іске асты.

Тұтастай алғанда, КСРО-ның 620 мың азаматы Ауған соғысына қатысты, олардың 525 мыңы кеңес армиясының офицерлері мен солдаттары, 90 мыңы Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитетінің шекаралық бөлімшелерінде, 5 мыңы ішкі әскерлер мен милиция қатарында өз міндеттерін өтеді. Сондай-ақ әскер құрамында 21 мың адам жұмысшы және қызметші кәсібінде болды. Ал Кеңес Армиясы әскерінің жыл сайынғы тізіміне 80-104 мың әскер, 5-7 мың жұмысшы мен қызметші тіркелді.

Осы соғыста біздің жерлестеріміздің арасынан 22 мың адам Ауған соғысында болып қайтты. Олардың 1000-ға жуығы осы соғыста құрбан болды және Қазақстан жерінде жерленді, 18 адам із-түзсіз жоғалды.

1979-1989 жылдары Ауған соғысына қатысқан қазақстандықтар КСРО деген алып империяның солақай саясатының құрбандығына шырмалғанмен, өз деңгейінде патриотизмнің әр түрлі деңгейдегі үлгілерін көрсеткендігіне бүгінгі күнде ешкім күмән келтірмейді. Ауған соғысы оған қатысқандарға ғана емес, сарбаздардың ата-аналарына, туған-туысқандарына да оңайға түскен жоқ. Қанша жастарымыз қас батырлықпен қан құшты. Еліміз қаншама азаматынан айрылды. Амал нешік, соғыстың аты соғыс. Алайда қандыкөйлек жолдастарының көз алдындағы ерліктері қазіргі ардагерлердің санасында мәңгілік із қалдырып, кейінгіге үлгі-өнеге болып қалды. Ауған даласында жүргізілген ұрыстарда қазақ жігіттері небір ерліктер жасап, өзгелерге үлгі көрсетті. Олардың көрсеткен ерліктері әлі толық айтылып біткен жоқ. Әлі талай айтылып, талай жазылады. Соғыстан мүгедек болып қайтқандары да аз емес. Олардың көз алдына Ауғанстан жерінде болған жан беріп, жан алысқан қиян-кескі ұрыстар жиі елестеп, түстеріне кіретіні анық. Бүгінде олардың көпшілігі еліміздің өсіп-өркендеуіне үлес қосып келеді. Осыған байланысты Ауған соғысы құрбандарының, ардагерлерінің өшпес ерліктерін қазіргі жастарға үлгі-өнеге етіп көрсету, олардың отбасыларының әлеуметтік жағдайларын одан әрі жақсарту және болашақ Отан қорғаушы жастарымызға патриоттық, еңбексүйгіштік тәрбие беру мақсатында Ауған соғысы ардагерлері қоғамдық бірлестігінің бағдарламаларына өзгерістер енгізіліп, жаңа мақсаттар жүзеге асуда.

Ауған соғысы ардагерлері мен осы соғысты зерттеушілердің қолдарынан туған туындылар мен зерттеу еңбектерінің саны көбейіп, келешек ұрпақты Отансүйгіштікке тәрбиелеуде құндылықтарын көрсетіп жүр. Олардың қатарына ҚР Парламенті мәжілісінің депутаты, Ауған соғысының ардагері Бақытбек Смағұлдың "Мен көрген соғыс", "Намыстың құлы, Алаштың ұлы", Ауған соғысының ардагері, тарих ғылымдарының докторы Болат Сайланның "Ауған соғысының ақиқаты (1979-1989 жж.)", "Боздақтар мәңгі жадымызда (1979-1989жж.)", "Кеңестік биліктегі Қазақстанның жастар саясаты: тарихы мен тағылымы (1917-1991жж.)" және т.б. еңбектерін жатқызуға болады.

Қорыта келгенде, қолына қару ұстап сапқа тұрған қазақстандықтар өздерінің әскери антын бұзған жоқ. Ауған соғысы өз ақиқатын тауып, күннен-күнге соғыстың әкелген зардабы мен шығыны және тағы басқа қырлары анықталуда. Оның әрбір ақтаңдақ бетін ашу үшін Ауғанстан мәселесін әлі де жете зерттей түсіп, анықтау керек. Ол - мүгедек болған, жесір қалған, әкесіз жетім қалған жандар мен ұлынан айрылған ата-ананың және Отан үшін отқа түсіп, қыршынынан қиылған, сөйтіп, жат жерде көз жұмған қандас, қарулас азаматтарымыз бен боздақтарымыздың алдындағы асыл парызымыз.

**Болат САЙЛАН,**
ҚазҰУ Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы, Ауған соғысының ардагері

# ИРАН ЕЛІНДЕ ТІЛ ҰСТАРТТЫҚ

***3 желтоқсан мен 21 қаңтар аралығында Иран Ислам Республикасының Тегеран қаласының Тегеран университетінің құрамындағы ДеҺхада білім жетілдіру орталығында парсы тілін жетілдіру мақсатымен курсқа бардық. Курсқа әлемнің түкпір-түкпірінде парсы тілінде оқитын студенттер және Иранда жұмыс жасайтын шет елдіктер қатысты. Курс барысында Иран елінің бірнеше қалаларына Исфахан, Иезд, Шираз, Кашанға саяхатқа бардық. Иран елі бізге қатты ұнады, мәдениеті мен оның ділі біздің елімізге, халқымызға жақын.***

Қонақжай Иран елінің білім саласындағы мұндай қадамдарын шетелдік студенттерге қамқорлық, оқуға жасалған жағдай деп білуге болады. Курс барысында парсы тілінен білімімізді жетілдірдік, тіл дамыттық, сертификатқа ие болдық. Курс барысында парсы тілі пәні, сөйлеу тілі, тарих, иран фильмдерінің тілімен танысу секілді жекелеген пәндер жүрді. Мұндай пәндерді оқу барысында біз тілімізді дамытып, университетте алған білімімізді тиянақтадық. Кафедрадағы оқытушымыз Еңлік Қасабекованың сабақ барысында айтқан, баяндаған, түсіндірген дүниелерін өз көзімізбен көріп, өз құлағымызбен естіп, шет елде сол елдің тілінде сөйлеп, түсінісіп, алған біліміміздің жүзеге асқанына қуанышты болдық. Елімізде болашақтың жарқын болуына, шетелдік тағылымдамалардың тәжірибе алмасуға, елімізді шет елдерге танытуға үлкен септігін тигізеді. Әрине, әрбір адамзат баласы үшін өз Отанынан артық жер жоқ, дегенмен де шет елдердің мәдениетін тану, білу, тілін үйрену ешкімге артықтық етпейтініне көзіміз жетті. Бізге осындай мүмкіндік берген университетімізге, шығыстану факультетінің басшылығына, ИИР-дың ҚР-дағы мәдени орталығына, кафедра меңгерушісі Ақбота Ахметбековаға, арабтану және ирантану кафедрасының



басшылығы мен парсы тілі пәнінің оқытушылары Еңлік Қасабекова, Ғайни Жұмадилова, Айман Боранбаева ханымдарға алғысымызды білдіреміз. Факультет деканы Жұбатова Баян Нұрсұлтанқызының жаңа бастамаларды, жастарды қолдайтын саясатына, факультет деканының орынбасары Зәуре Искаковаға шын жүректен алғысымызды білдіреміз. Шығыстану факультетіне түсіп, парсы тілін таңдағанымызға өте қуаныштымыз. "Жасай бер, университетім, факультетім, кафедрам, ұстаздарым" деп патриоттық сөздермен мақаламызды аяқтағымыз келеді.

**Нұржан ҚОСЫМБЕКОВ,**
**Сардар ЕСІМЖАНОВ,**
шығыстану факультеті, арабтану және ирантану кафедрасының 4 курс студенттері

# «Лучшее НСО»

***Впервые на юридическом факультете КазНУ им.аль-Фараби был проведен конкурс на «Лучшее научное студенческое объединение», в котором приняли участие более 30 кружков и клубов.***

Радует, что откликнулись на участие все кафедры юридического факультета. От каждого студенческого объединения приглашались председатели, которые смогли подробно рассказать о деятельности их организации. Присутствовали все заведущие кафедр: д.ю.н., профессор Г.Р. Усеинова, д.ю.н., профессор С.Т. Тыныбеков, профессор А.Е. Жатканбаева, д.ю.н., профессор Р.Е. Джансараева. Члены жюри: декан юридического факультета д.ю.н профессор Д.Л. Байдельдинов, зам. декана по научно-инновационной деятельности и международным связям к.ю.н., доцент К.Р. Усеинова, председатель НСО юридического факультета К. Нурбекова.

Радует, что студенты КазНУ, помимо основной учебы, занимаются общественной, научно-исследовательской жизнью нашего факультета.

Научные кружки, студенческие научные общества и конференции - все это позволяет студенту начать полноценную научную работу, найти единомышленников по ней, с которыми можно посоветоваться и поделиться результатами своих исследований. Так или иначе, исследовательской работой занимаются все студенты вузов. Затрачивая свое личное время, мы, студенты, развиваем такие важные для будущего исследователя (ученого) качества, как творческое мышление, ответственность, умение отстаивать свою точку зрения, исполнительность, умение работать в команде. Такого рода мероприятие станет доброй традицией на юридическом факультете, так как стимулирует студента добиваться поставленных перед собой целей, «сделать» свое научное объединение Лучшим.

Дипломом 3 степени были награждены, такие Научные Объединения, как «Мыслитель» под председательством магистра юридических наук И.Э. Нуруллаева, «Зимановтың кіші академиясы» под руководством к.ю.н., доцента Д.А. Тұрсынкуловой. Дипломом 2 степени были награждены: «Союз ради прогресса» под руководством к.ю.н., доцента Д.А. Оспановой, к.ю.н., доцента К.Р. Усеиновой, кружок «Основы права» под руководством ст.преподавателя Д.С. Смагуловой. Дипломом 1 степени «За лучшее Научное Объединение» был награжден Кружок «Антикоррупционный студенческий клуб» под руководством магистра юридических наук Л. Бисенгали.

Целью деятельности АСК является антикоррупционное воспитание, выработка стойкого неприятия коррупции у студентов. Данный кружок действует с 2012 года, был создан по инициативе студентов и ППС состава при кафедре уголовного права и уголовного процесса, криминалистики. За этот срок было проведено немало мероприятий: «Проблемы борьбы с коррупционными преступлениями» Ежегодной Межвузовской студенческой конференции, конкурс эссе на тему: «Почему я против коррупции», научный семинар «Актуальные проблемы борьбы с коррупцией», подготовка сборника материалов Ежегодного Республиканского Форума «Коррупция в Республике Казахстан: проблемы и пути решения» и т.д.

Подводя итоги, хотелось бы отметить, что подготовка каждого председателя кружка была на высоком уровне. Самые «лучшие» были награждены почетными дипломами, сертификатами.

**М.М. АЛИМЖАНОВА,**
студентка 2-го курса юридического факультета

**Научная библиотека КазНУ предлагает свободный доступ к электронной книжной коллекции издательства World eBook Library (WEL)**

# СОБРАНИЕ БОГОВ

100 КІТАП




Да, эта книга - бесценный клад великолепной поэзии и пример виртуозного владения русским языком. Переводы, признанные на данный момент лучшими, это как-никак классика, проверенная тысячелетиями. Поэмы Гомера, созданные в глубокой древности, обладают сказочной, притягательной силой для современного читателя. Эти величавые сказания о событиях и героях Древней Греции содержат много загадок. В обеих поэмах, кроме главных героев, есть еще много второстепенных. Некоторые из них обрисованы очень яркими красками, в "Илиаде" таких лиц больше чем в "Одиссее". Как бы то ни было, «Илиада» и «Одиссея» являются древнейшими памятниками греческой литературы и образец поэзии мира. Приключенческий, сказочный и бытовые элементы "Одиссеи". Предел человеческого ума, изобретательности и любознательности. Само взятие Трои при помощи деревянного коня было делом хитрости. Осуждение беззакония, тупой несправедливой силы, а также самоуверенности. Образ Одиссея: воина вожака, отца сына, мужчины, путешественника, патриота. Герои — это сыновья, внуки и правнуки богов от смертных женщин, они совершали подвиги, очищали землю от чудовищ, наказывали злодеев и тешили свою силу в междоусобных войнах. Когда Земле стало от них тяжело, боги сделали так, чтобы они сами перебили друг друга в самой великой войне - Троянской: «...и у стен Илиона племя героев погибло — свершилась Зевсова воля». Троянская война длилась десять лет. В поход на Трою собрались десятки греческих царей и вождей на сотнях кораблей с тысячами воинов, перечень их имен занимает в поэме несколько страниц. Главным вождем был сильнейший из царей — правитель города Аргос Агамемнон, с ним были брат его Менелай, ради которого и началась война. Впрочем, читайте сами. Это живые строки, написанные людьми, жившими совсем в другие, гораздо более жестокие времена. Возможно, поэтому многие отрывки из Илиады и Одиссеи звучат слишком устрашающее даже для нас, людей, привыкших к телевизионным ужастикам и страшилкам:

"Видом и ростом чудовищным в страх приводя, он несходен
Был с человеком, вкушающим хлеб, и казался лесистой,
Дикой вершиной горы, над другими воздвигшейся грозно.
Загнав стадо в пещеру, великан завалил вход в нее обломком скалы.
Голос, гремящий и образ чудовища в трепет привел нас.
Прянул, как бешеный зверь, и, огромные вытянув руки,
Разом меж нами двоих, как щенят, подхватил и ударил...
Съел их, ни кости, ни мяса куска, ни утроб не оставив".

Читая Гомера, убеждаешься, что многое в его взгляде на мир — это истина, его широта, желание понять разные точки зрения, терпимость. Он уважает их, он им сочувствует, потому что нет иного выбора, как сражаться, защищая свою землю, жен, детей и собственную жизнь.

**С.С. ЖЫЛКАЙДАРОВА,**
заведующая сектором массовой работы,
Научная библиотека

## ИЛЛИАДА. ОТРЫВОК ИЗ ПОЭМЫ

Девять дней на воинство божие стрелы летали;
В день же десятый Пелид на собрание созвал ахеян.
В мысли ему то вложила богиня державная Гера:
Скорбью терзалась она, погибающих видя ахеян.
Быстро сходился народ, и, когда воедино собрался,
Первый, на сонме восстав, говорил Ахиллес быстроногий:
"Должно, Атрид, нам как вижу, обратно исплававши море,
В дома свои возвратиться, когда лишь от смерти спасемся.
Вдруг и война, и погибельный мор истребляет ахеяи.
Но испытаем, Атрид, и вопросим жреца, иль пророка,
Или гадателя снов. Пусть нам поведают, чем раздражен Аполлон небожитель?
Он за обет несвершенный, за жертву ль стотельчую гневен?
Или от агнцев и избранных коз благовонного тука. Требует бог, чтоб ахеян избавить от пагубной язв......

# ШЕДЕВРЫ МИРОВОГО ЭПОСА

Всякое литературное произведение далекого прошлого способно привлечь и увлечь человека нового времени изображением исчезнувшей жизни, во многом поразительно не схожей с нашей жизнью сегодня.

История Древней Греции богата яркими событиями, происходившими в ту или иную эпоху. Одним из самых ярких является Гомеровский период.

О Гомере, легендарном древнегреческом поэте, ничего не известно доподлинно: время его жизни относят к XII-VII вв. до н.э., а право называться его родиной оспаривают несколько городов, включая Родос и Афины. Не установлено, действительно ли он был слепым, или таким изображали его античные биографы, связывая поэтический дар с пророческим. Спорным является и авторство Гомера, которому традиционно приписывают две эпические поэмы - "Илиаду" и "Одиссею", а также несколько небольших произведений.

Поэмы Гомера, созданные в глубокой древности, обладают огромной притягательной силой для современного читателя. Эти величавые сказания о событиях и героях Древней Греции содержат не только богатый исторический материал,— в них живет то художественное обаяние, та вечная прелесть, которая свойственна всем произведениям искусства, созданным в период зарождения человеческого общества там, где оно развивалось наиболее плодотворно. «Илиада» и «Одиссея» были созданы на основе реальных событий.

Поэмы "Илиада" и "Одиссея" оказали огромнейшее, несравнимое влияние на всю историю античной культуры, а позже и на культуру нового времени. Огромное мастерство слагателя этих поэм, их эпохальность, красочность, колорит привлекают читателя и поныне, несмотря на огромную временную пропасть, лежащую между ними.

В "Илиаде" воплотились грандиозные мифы и удивительные легенды, которые являются не только отголоском древнегреческой культуры, но и мировым достоянием. В ней таится неиссякаемый источник идей, сюжетов, характеров.

Эпическая поэма Гомера "Одиссея" рассказывает историю десятилетних странствий главного героя после окончания Троянской войны. Много чудесного и страшного пережил Одиссей в своих странствиях. Это и сошествие в царство мертвых, и любовные приключения в волшебных странах, и борьба с чудовищами. Но, стойко преодолевая все препятствия и соблазны, Одиссей не потерял надежды вернуться на родину, к домашнему очагу, к родным и близким людям.

Именно такие шедевры мирового эпоса, как "Илиада" и "Одиссея", знакомят читателя с миром как родной, так и зарубежной литературы, помогут лучше понять традиции, культуру и менталитет народов. А еще откроют всю прелесть и богатство красок языка повествования, пополнив тем самым не только словарный запас читающего, но и приобщает его к искусству и культуре мировой литературы.

**Перизат АБДУЛЛАЕВА,**
старший преподаватель кафедры общей и этнической педагогики

# Ілияс Есенберлин

***Ілияс Есенберлин — қазақ жазушысы, қазақ әдебиетінің асыл қазынасы «Көшпенділер» трилогиясының авторы.***

Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» романы КСРО кезінде жазылған, қазақ халқының тарихы туралы өте құнды әдеби-тарихи шығарма. Қазақ халқының бодандықта болған уағында жазылған бұл шығарма ұмыт болған тарихымызды жаңартты. Үш томды бұл шығарманы Ілияс Есенберлин сонау Мәскеудегі архивте жұмыс істеп жүргенінде жазған. Сондықтан да бұл шығарманың тарихи фактілеріне шүбә келтіруге ешқандай негіз жоқ.

Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясының бірінші романы Қазақ хандығының орнығуына алып келген жағдайлар, айбынды да қаһарлы болған Алтын Орданың соңғы дәуірі туралы сипаттайды. Сонымен қатар қазақ халқының ән-жырларында шырқалған Қобыланды батыр, Қазтуған жырау, Асан-Қайғы, Майқы би туралы керемет сипаттаған. Бірінші роман қазақ халқының мемлекет болып қалыптасып, толыққанды ел болғанымен аяқталады.

Ал екінші романы қазақ халқының басынан өткен өте ауыр кезең туралы жазылған. Бұл - жоңғар шапқыншылығы. Бұл кезең қазақ халқының әлемде ұлт болып қалу немесе қалмауын анықтаған кезең. Сондай-ақ халқымыздың ұлы тойтарысын сипаттаған, Ресей империясына қосылған кезімізді сипаттаған шығарма.

Үшінші, қорытынды романда қазақ хандығының соңғы ханы Кенесарының отаршылдарға қарсы, халқымыздың тәуелсіздігін сақтауға бағытталған күресі туралы жазылған. Кеңес уақытында цензура қатты болған уақытта қазақ халқының тарихы туралы жазу мүмкін болмағанда, әдеби шығарма ретінде жазылған бұл тарихи роман қазақ халқының асыл қазынасы болып табылады.

Осы трилогияны оқып, көңіліме түйген ойларым көп. Соның бірі - тарихын білмеген ұлттың болашағы жоқ. Тарихымыз туралы бұл трилогияның ұлтымызға маңыздылығы мен құндылығы аса жоғары. Қазақтардың тарихы болмаған деген пікір қалыптасқан сонау зобалаң заманда тарихымызды ұмыттырмай қағаз бетіне түсіріп қана қоймай, кітап қылып шығарған Ілияс Есенберлин ағамызға алғысымыз шексіз. Осы трилогия тек біздің қатардағы жастарға ғана емес, келешек жеткіншіктерді де тарихпен таныстыруға үлкен септігін тигізеді, себебі романның тәлім-тәрбиелілігі мол. Оқырманды отынсүйгіштік рухқа баулитын, дерегі мен керегі көп осы роман арқылы мен өз халқымның тарихын таныдым деп айтқаным артық болмас.

**Ж. МУСТАФАЕВА,**
қытайтану каферасының
3 курс студенті
**М.Б. Асыл,**
оқытушы

4-8 ақпанда баскетболдан ҚазҰУ-дың 80 жылдығына арналған 67-ші факультетаралық ұлдар арасындағы спартакиада өтеді



**Темірова Зейнеш Асқарқызы** – жас ақын, география және табиғатты пайдалану факультеті метеорология және гидрология кафедрасының 2 курс студенті. Қара шаңырақ ҚазҰУ табалдырығын аттағаннан бастап, білім әлемімен қатар, өлеңге деген сүйіспеншілігін, махаббатын қатар алып жүр. Инженерлік мамандықта білім алып жатқанына қарамастан, Зейнеш өз шығармашылығын жаңа туындылармен толықтырудан жалыққан емес. Отан, туған жер, тәуелсіз Қазақстан тақырыптарындағы өлеңдермен қатар, жастардың арасында өзекті болған махаббат тақырыптарында да шығармашылығын шыңдауда. Мектеп қабырғасында «Өлең - сөздің патшасы» атты поэзия клубының мүшесі, кейіннен сол клубтың төрайымы қызметтерін атқарған. 2013 жылы дәстүрлі «1 курс таланттары» байқауында «Авторлық шығарма» номинациясы бойынша 2-орын иегері атанды. Факультет қабырғасында өткізілетін әдеби-сазды іс-шаралардың ұйымдастырушысы, белсенді студент. Жас ақын шығармашылығының бірқатар өлеңдерінен шашу шашқалы отырмыз!

## Рухы асқақ, байтақ Қазақстан!

Елімді берме, жерімді берме жат қолға,
Етпеймін рұқсат тілімді жаншып таптауға!
Тарихты бір сәт санаңнан шетке кетірме
Тереңі сонау басталған бері сақтардан.

Мақтанып айтам жерімнен өткен ғасырды
Тарихтан бізге сахна кеңге ашылды.
Бар күнге қара бәрінде қазақ тегі бар
Тізбектеп айтсам, жарасар талай батырды.

Тәуелсіз елмін, жүрегім – бүтін, тыныс – кең,
Бақытты, бейбіт өмір сүруде тыныш ел.
Астанам менің – көркімнің нағыз бейнесі
Берекесі мол, алға бастаған байтақ ұлысты ел!

Дұшпанын шауып, досына адал ашылған
Қазақпын түге бақытқа ғана бас ұрған
Жақсы боп егер достыққа маған ұмтылсаң,
Тастамай ертем дұшпанға бір сәт қасымнан.

Дәстүрім бүтін, Дінім бар салтқа жарасқан,
Туым бар ерен, секілді тұнық көк аспан.
Танымай қалсаң, айтамын тағы қайталап,
Біз үлкен елміз, рухы асқақ, байтақ Қазақстан!

## Кәсіп туралы

Жүйріктің жүйріктігі – шапқанында,
Жалқаудың жалқаулығы – жатқанында.
Мергеннің бар өнері көрінеді
Бір көзбен дәлдеп тұрып атқанында.

Батырдың бар қайраты – білегінде,
Ақынның жыр шумағы – жүрегінде.
Еңбекті адал сүйген арнайды тек
Жұмысын өзі туған бір еліне.

Шешендер сөз саптауға шебер келер,
Ұстаздар оқушымен кемелденер.
Өмірде әр адамның өз кәсібі
Үйренсек табылмайды қарсы келер.

Кәсіптің оңайы жоқ біліп жатсақ,
Ізденіп, үйреніп білім алсақ.
Бос кеуде, бос қол болып күн өткенше,
Мамандық алып шығу – басты мақсат.

Сол мақсат бүгінгі күн бізге де тән
Төгеміз терді салып, аянбай жан.
Ауаның күйін, райын зерттеп білер
Болармыз келешекте жақсы маман.

Бұл мейрам құтты болсын бәріңізге!
Жақсылық пен бақыт берсін әлі бізге!
Күн шығып көк аспаннан күліп тұрсын,
Ұстаздар жетіңіздер бәрің жүзге!

## Менің туған жерімнің тәтті түсі

Танимысың? Бұл менің туған жерім!
Шырылдап, шымырқанбай туған едім!
Жер көріп, жатқа қонақ болмасам да,
Білемін жетпейтінін өзге жердің!

Білемісің, анау бел, мына қырды?
Бұл жерде тек мен емес, әкем тұрды.
Анамның алақанын аңсап күтіп
Апамның таңдайында атым жүрді!

Көз салдың ба жайқалған мақтасына?
Әне атам арқан салды ат басына,
Атқа мініп, ақырын назар қойды
Құдай берген байлығы ақ тасына!

Сеземісің, арқаңнан өткен ыстық?
Осы ыстыққа талай рет күйіп өстік.
Бір сыпыра теріміз түссе-дағы,
Ыстық құмын онан сайын сүйіп кештік!

Көремісің, аспанын күні көкте?
Маған емес, пана болған бүгін көпке.
Менен өзге талай қыз, талай жігіт
Өсіп шықты азамат боп осы шеттен!

Естимісің, шырылын шегірткенің?
Бұл жердің бір жәндігін кемітпегін.
Бұл-бұлдың үнін білмей келсем-дағы,
Бақасын көрмей қалсам, кемид демім.

Аспандағы ай-жұлдызға қарадың ба?
Елестетті нені сенің жанарыңа?
Ақ тапшанға жатып-ап көз тастасаң,
Еріксіз алып барар арманыңа!

Арман қуып жатқанда ойға шомып,
Байқамастан кетесің ұйқы қонып.
Менің туған жерімнің тәтті түсі
Кірсін саған есіңнен кетпес болып!

## Жыр жазыппын...

Жыр жазыппын, мол жазыппын, бос нәрсені қазбалап.
Сол жырлардың арасында ақиқаты аздау-ақ!
Жылай беріп, махаббат деп, сүйген жанға арнаппын
Аллаһ жайын айқара ашып, сөзден өрнек салмаппын.

Дүние деппін, өкпе деппін сұраппын көп бос нәрсе
Иман тілеп жыламаппын бар бойыма жүрекке.
Тыным таппай тағатсыздық ұлаған жанымды,
Аллаһты ойлап енді таптым төзім менен сабырды.

ИншАллаһ деп иллаһи жыр жазу үшін бекідім!
Жыламасын жүрек бекер жаттан іздеп жетімін.
Түзу жолдың бастамасын сөзден түзеп жазайын
Бұдан былай осы болсын жырға берген сазайым!

Нитеме жету үшін, Аллаһ, иман, сабыр бер!
Дұға-тілек, сұрауларды өзің лайық қабыл ет!

## Жалғыздық

Мейлі, мейлі! Бөлінейін өзгеден!
Қосылмайын, бір болмайын өзгемен.
Достарым да кете берсін бұрылып,
Дұшпаным да тұра қалсын көлденең!

Мен – жалғызбын пенделердің жанында,
Табылмады ешкім менің маңымда
Шын көңілмен жамау болып көрген жоқ,
Жыртық-жыртық тілімделген жаныма.

Мен – жалғызбын ол үшін мен қайғырман
Не табамын мұң менен құр қайғыдан.
Мен жалғызбын, бәрі жалғыз өмірде
Тек сол үшін, тек сол үшін қаймығам.

Жалғызбын деп у ішпеймін қайғыдан
Мен емеспін мақсатымнан айныған!
Өрлеймін де алға шығам ұмтылып,
Көңілімді өзім ғана жай қылам!

## Сағынышыма

Өзің кел де қолдан ұстап алып кет!
Иесізге таласады халық тек.
Мен асаумын кең жазықтың тұлпары,
Дала жатыр «одан да бір жалық!» деп.

Өзің кел де жетелеші, алып кет!
Өзгелерді керек етпен, «лайық» деп.
Құсқа теңеп қондырсаң бір болғаны,
Ұямыздан ұзамаспын жарық деп.

Өзің келсең, бетіңнен де қақпаспын,
Сыртқа тастап, іштен есік жаппаспын.
Ал мен болсам қыл көпірдей жолым бар,
Кім кепілдік жете алмастан жатпасым.

Сенде – ерік,менде – тұсау затым қыз.
Біз – алыспыз, бірде тіпті жақынбыз.
Сен келген соң айырмасын анықтар
Жалғыздықтан жүдеген бір бақыр қыз.



Срок подачи документов по видам академической мобильности проекта «Silkroute Erasmus Mundus Action-2» продлен до 7 февраля

# ГОРДИМСЯ УСПЕХАМИ

***Подготовка конкурентоспособного специалиста, обладающего умениями и навыками практического владения разговорно-бытовой речью и языком специальности для активного применения иностранного языка как в повседневном, так и в профессиональном общении, способного осуществлять непрерывное самообразование и повышать свою квалификацию в течение жизни благодаря знанию иностранных языков.***

Из 80-ти лет существования КазНУ история кафедры иностранных языков естественных факультетов насчитывает 55 лет. Как структурное подразделение университета кафедра была создана в 1959 году и называлась общеуниверситетской кафедрой иностранных языков, в 1968 году кафедра была разделена, и стала называться кафедрой иностранных языков естественных факультетов, сохранив статус общеуниверситетской кафедры. Первым заведующим этой кафедрой был доцент Е.М. Шварцман(1959-1986), затем доцент Л.Н. Федорова (1986-1988), доцент Т.Д. Ковлер (1988-1991), доцент З.У. Утебаева (1991- 1994). Начиная с 2011-2012 уч.года кафедра стала структурной единицей факультета филологии, литературоведения и мировых языков.

Последние двадцать лет кафедрой руководит кандидат филологических наук, профессор КазНУ А.А. Мулдагалиева. На протяжении двух истекших десятилетий Айжан Айдингалиевна пользуется неизменным и искренним уважением преподавательского и технического состава кафедры. Коллектив кафедры состоит сейчас 50 человек, и 95% из них - представительницы прекрасного пола. Айжан Айдингалиевне всегда удавалось проявлять истинную мудрость и дипломатические качества, чтобы психологический климат вверенного ей большого коллектива оставался здоровым и способствовал творческому и кропотливому труду преподавателей, ведущих практические занятия по английскому и немецкому языкам на пяти естественных факультетах КазНУ.

Ежегодно кафедра проводит магистерскую конференцию «Advancing skills towards professional excellence». Кафедра провела магистерскую конференцию, посвященную 80- летию КазНУ с выступлениями магистрантов на английском языке на темы своих диссертаций. Конечной целью этой конференции является развитие у магистрантов навыков презентации, аудирования, написание докладов и т.д. Этому мероприятию предшествует большая совместная работа магистранта и преподавателя по подготовке к выступлению магистранта на иностранном языке перед большой аудиторией. Темы докладов определяются самими магистрантами. Как правило, магистранты готовят доклад по теме своих дисертаций или по темам, интересующим их. Ценность этой конференции заключается в моральном удовлетворении, которое магистрант получает от результатов своего труда, ведь выступление на иностранном языке перед большой аудиторией всегда вызывает стресс и волнение. С каждым годом мы стараемся делать эту конференцию более репрезентативной.

Уже 3 года как мы проводим мероприятие университетского уровня под девизом «Айналаңды нұрладыр!». К этому событию мы готовимся в течение всего года.

Движение «Brighten the Corner where You are!» («Айналаңды нұрландыр!» «Освети мир вокруг себя!») впервые было провозглашено ректором КазНУ Галымом Мутановым в его докладе на открытии мероприятия «The English Language Festival», организованного кафедрой иностранных языков естественных факультетов при поддержке департамента по воспитательной работе университета.

Важной составляющей системы воспитательной работы в КазНУ является клубная форма. Вот уже 4 года на 5-ти факультетах университета: механико-математическом, физико-техническом, химии и химической технологии, биологии и биотехнологии, географии и природопользования, организована работа английского и немецкого клубов, помогающая студентам изучать иностранный язык в непринужденной и естественной атмосфере, чтобы каждый студент чувствовал себя свободно и уверенно. В этом учебном году преподаватели кафедры вместе со студентами 1 курса естественных факультетов провели проектные работы: «Великие ученые КазНУ», «История нашего университета», «КазНУ: прошлое, настоящее и будущее», посвященные 80-летию Казахского национального университета имени аль-Фараби.

Будучи заведующей кафедрой, А.А. Мулдагалиева опирается на основной актив – на людей, отдавших университету и кафедре более двадцати лет своей деятельности. Среди них доцент И.А. Бекмуратова, старшие преподаватели А.Р. Избасарова, З.К. Мадиева, К.А. Жиреншина, Н.В. Попова, А.Я. Толмачев, и другие.

Особой заботой руководства кафедры окружены молодые, подающие надежды преподаватели, те кадры, которым придется прийти на смену опытным ветеранам. Айжан Айдингалиевна считает своим долгом поддерживать перспективную молодежь, пришедшую на кафедру в последние годы. Это старший преподаватель Д.М. Махметова, преподаватели А.К. Мусагулова, Б. Болат, Н.К. Сабырбаева и др.

Хочется пожелать всему коллективу кафедры дальнейших лет плодотворной творческой работы в деле успешного обучения иностранным языкам студентов нашего ВУЗа.

**Ш.Б. ГУМАРОВА,**
**Н.Л. ЛОМАЧЕНКО,**
старшие преподаватели кафедры иностранных языков естественных факультетов

# ҚАЗҰУ - САПАЛЫ БІЛІМ, ӨНЕГЕЛІ ТӘРБИЕ ОРДАСЫ

***«ҚазҰУ студентінің келбеті» университетіміздің негізгі мәселелерінің бірі болып табылатыны сөзсіз. Осыған орай факультеттерде түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып, өткізіліп тұрады. Осындай іс-шаралардың бірі тарих, археология және этнология факультетінің «Мұрағаттану, құжаттану және құжаттаманы қамтамасыз ету» (1 курс) және «Кітапхана ісі» (4 курс) топтарының ұйымдастырылуымен өтті. «ҚазҰУ студентінің келбеті» тақырыбында өткізілген шарада 4 курс студенттері аға буын ретінде 1 курс студенттеріне өздерінің ақыл кеңестерін айтып, бірінші кезекте әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студентінің ар-намыс кодексі мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенті туралы ереже қарастырылып, негізгі баптары талқыланды.***

Аталмыш нормативті құжаттардың арасында ҚазҰУ студентінің ұлттық мәдениет пен Қазақстан мемлекетінің қалыптасу тарихын білетін және оларды қастерлейтін, университет дәстүрлерін кіршіксіз сақтайтын және оларды құрметтейтін тұлға болуы тиістілігі туралы 2-бап аса зор қолдауға ие болды. Сонымен қатар 4 курс студенттері 9-бапта қарастырылған ҚазҰУ студенті салауатты өмір салтын ұстауға, өзінің мәдени, адамгершілік және тұлғалық даму деңгейін жетілдіруге ұмтылатын, университеттің қоғамдық-мәдени, ғылыми және спорттық өміріне белсене атсалысатын азамат ретінде өздерінің ерекше жетістіктерімен бөлісті. Іс-шара соңында 1 курс студенттері ҚазҰУ студенті ретінде бірінші кезекте ел жетістігін өз жетістігі деп білетін патриот болуға, жан-жақты даму мен өзін-өзі жетілдіруге ұмтылған білімді жас ретінде рухани-адамгершілік даму деңгейі биік, заңға бағынатын тұлға бола тұра басқа елдердің мәдениеті мен дәстүрін сыйлайтын, төзімді жан болуға ант беріп, міндеттері ретінде қабылдады.

**Г.Е. САБДЕНОВА,**
дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының доценті

# РОМАН-ГЕРМАН ТІЛДЕР МЕРЕКЕСІ

"Жеті жұрттың тілін біл, Жеті түрлі ілім біл" деген қағиданы ұран еткен ҚазҰУ қалашығының филология әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің белсенді ұстаздарының бастауымен өткен мереке жылдағы дәстүр бойынша кең көлемде аталып өтілді. Жалпы тіл білімі кафедрасының тікелей басшылығымен ҚазҰУ 80 жылдығына орай "Роман-герман тілдер мерекесі" атты байқау өткізілді. Кеште факультеттің және де факультеттен тыс талантты студенттер өнерін ортаға салды. Байқау таныстыру, өнер, ас мәзірі кезеңдерінен тұрды. Кеш латын тіліндегі ерекше ән шашудан бастау алып, байқауға қатысушы төрт топтың таныстыруымен жалғасын тапты. Бұл кезеңде өзінің ұтқыр ойымен, ерекше дайындығымен «Biolingua» тобы көзге түсті. Таныстыруының ерекшелігі сиқырлы латын әлеміне саяхат жасап, жас студенттердің тілге деген құштарлықтарын оятты. Ал «Spain» тобы сахнада буғымен сайысты, атақты футболшылардың ойынын және испан елінің әсем биін сахналап көрермен қауымның қошеметіне бөленді. Келесі кезеңде төрт топ та өздерінің өнерден кенде емес екендігін дәлелдеп, әділқазылар алқасынан жоғары баға иеленді. Бұл байқаудың негізгі мақсаты студенттерді өзге елдердің тілін біліп қана қоймай салт дәстүрін, өзіне тән ерекшеліктерін көрерменге әр қырынан көрсету еді. Ұйымдастырушылар көздеген мақсатына жетті деп толық айтуымызға негіз бар. Себебі жоғарыда аталған кезеңдерден сүрінбей өткен қатысушылар ас мәзіріне келгенде қазылар алқасын таңдай қақтырды. Себебі сайысқа қатысушы топтар көпшілікке беймәлім тағамдарды ұсынып, әр ұлттың ерекшеліктерін айқындай түсті. Осындай қызықты да тартысты өткен байқауымыздың жалғасы жеңімпаздарды бағалы сыйлықтармен марапаттап, концерттік бағдарламамен ұласты. Ал кеш соңында факультет деканы Гүлмира Құдайбергенқызы қызыққа толы кеш туралы өз ойымен бөлісіп, ұйымдастырған жалпы тіл білімі кафедрасының оқытушылары Данель Қарoғойшиева мен Жанна Жалайырқызы және «Роман-герман тілдер» клубына ыстық лебізін білдірді.

**Айгерім ҚЫРҒЫЗБАЕВА,**
филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің 2 курс студенті

**ИНСТИТУТ КОНФУЦИЯ ПРИ КАЗНУ ИМ. АЛЬ-ФАРАБИ**
приглашает всех желающих на курсы
**КИТАЙСКОГО языка!**
Занятия проводят профессоры Ланьчжоуского университета
**Международный тест HSK на базе Института**
**ул. Карасай батыра, 95, КазНУ, 1 этаж, каб. №138, Т.: 243-84-64**

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**
**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты**

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**
*Бас редактор* – **Саягүл ӘЛІМБЕКОВА**
*Жауапты хатшы* – **Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА**
*Тілші лер:* **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА, Ақмарал ҚУАНЫШЕВА**
*Дизайнер* – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
*Корректорлар:* **Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА**

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

**МЕКЕНЖАЙЫ:**
**050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.**
**Байланыс телефоны:**
**377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.**
**Электронды мекенжай:**
**kazuniver-gazeti@mail.ru**
Газет редакцияның компьютер орталығында терiлiп, беттелді.
"Бизнес Информ" баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел.: 8 (727) 293-09-09

**Бағасы келісім бойынша.**
**Таралымы 1000 дана.**
**Тапсырыс № 113**

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.